АҢДАТПА

Кукетов Берик Алпысбаевичтің
«Қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейлік: жаңашылдық аясындағы дәстүр сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациясына
8D02197 – «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Зерттеудің жалпы сипаттамасы

Диссертациялық зерттеу қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу, сақталу, жаңғыру, сондай-ақ көрініс беру және көркемдік трансформациялану ерекшеліктерін кешенді зерделеуге арналған. Қазақ биі халықтың тарихи жадын, дүниетанымын, әлеуметтік тәжірибесін және эстетикалық құндылықтарын қимыл-қозғалыс арқылы жеткізетін мәдени-символдық жүйе ретінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі ғылыми бағыты дәстүрлі би қимылдарының бастапқы мағыналық қабатын анықтауға, олардың ұлттық кодпен байланысын ашуға және қазіргі сахналық әрі цифрлық кеңістіктегі өзгерістерін бағалауға негізделген.

Тақырыптың өзектілігі

Жаһандану мен цифрландыру жағдайында ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын сақтау және оны заманауи көркемдік тіл арқылы жаңғырту маңызды ғылыми әрі қоғамдық міндетке айналды. Қазақ биінің лексикасы қазіргі қойылымдарда кеңінен қолданылғанымен, оның тарихи-мәдени мазмұны, семантикалық негізі және ұлттық бірегейлікті жеткізу қызметі кешенді түрде жеткілікті зерттелмеген. Дәстүрлі қозғалыстарды әр хореографтың шығармашылық ұстанымына сәйкес түрлендіруі олардың бастапқы мағынасы мен заманауи сахналық интерпретациясы арасындағы сабақтастықты айқындау қажеттігін туындатады. Сондықтан қазақ биін орындаушылық форма ретінде ғана емес, мәдени жадты сақтайтын, ұлттық дүниетанымды бейнелейтін және жаңа мәдени жағдайда қайта пайымдалатын хореографиялық мәтін ретінде зерделеу өзекті.

Зерттеу нысаны – қазіргі кезеңдегі қазақ хореографиясының көрінісі.

Зерттеу пәні – қазақ биіндегі мағыналық-қимылдық код және заманауи мәдени-көркемдік үдерістер аясындағы ұлттық бірегейліктің көрінісі.

Зерттеудің мақсаты – дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы аясында қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу, сақталу, трансформациялану және даму ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеудің міндеттері

– қазіргі дәуірдегі дәстүр мен инновацияның сабақтастығы жағдайында қазақ биіндегі ұлттық бірегейлікті зерттеудің әдіснамалық амалдарын жүйелеу;
– ұлттық бірегейлік ұғымының теориялық мәнін ашып, оның мәдени-әлеуметтік квинтэссенциясын анықтау;
– дәстүрлі қазақ билерін метахореографиялық, антропологиялық және онтологиялық тәсілдер негізінде талдау;

– қазақ биіндегі бейвербалды эмоциялық экспрессияның көркемдік-символдық және коммуникативтік қызметін айқындау;
– заманауи қазақ хореографиясы режиссурасындағы ұлттық бірегейліктің көріністерін зерделеу;
– инновациялық үдерістер аясындағы қазақ биінің мәдени-көркемдік трансформациясын және ұлттық пластиканың жаңа шынайылығын анықтау.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі

Зерттеудің теориялық негізін ұлттық бірегейлік, мәдени код, тарихи жад, метатіл, мәдени семиотика және метамодернизм туралы тұжырымдар құрайды. Әдіснамалық жүйеде философиялық, мәдениеттанулық, өнертанулық, семиотикалық, салыстырмалы-тарихи, антропологиялық, онтологиялық және эмпирикалық тәсілдер өзара сабақтастырылды. Ұлттық бірегейлікті түсіндіруде примордиализм оның тұрақты этномәдени өзегін, конструктивизм тарихи-әлеуметтік ортада қалыптасуы мен өзгеруін, ал инструментализм ұлттық белгілердің қазіргі қоғамдық және көркемдік кеңістіктегі қызметін ашуға мүмкіндік берді. Осы үш бағыттың бірлігі қазақ биіндегі ұлттық бірегейлікті тұрақтылық, тарихи өзгеріс және мәдени қолданыс сабақтастығында зерттеудің үштағанды моделіне негіз болды.

Дәстүрлі биді мағыналық, семиотикалық және мәдени құрылым ретінде талдау үшін метахореографиялық әдіс негізделді. Оның дескриптивті деңгейі қимыл мен ишаратты тіркеп сипаттайды; аналитикалық деңгей қимылдық бірліктердің құрылымдық байланысын анықтайды; нормативті деңгей орындау қағидалары мен қалыптасқан өлшемдерді жүйелейді; рефлексивті деңгей бидің тарихи-мәдени мағынасын, ұлттық кодын және заманауи интерпретациясын пайымдайды. Осы арқылы зерттеу сыртқы қозғалысты сипаттаудан оның астарындағы мәдени мағынаны түсіндіруге өтеді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын 4 сұхбат, 12 би қойылымы, мұрағат қорларындағы 4 бейнежазба, YouTube платформасында жарияланған 8 бейнематериал және BiCod TikTok парақшасындағы 14 бейнематериал құрайды. Әртүрлі кезеңдерге жататын бейнематериалдарды салыстыру дәстүрлі қимылдық өзек пен оның сахналық берілу формасындағы өзгерістерді айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Бірінші тарауда ұлттық бірегейліктің теориялық және әдіснамалық негіздері пәнаралық тұрғыдан жүйеленді. Метамодерндік таным дәстүр мен жаңашылдықтың, тұрақтылық пен өзгерістің бірін-бірі жоққа шығармайтын арақатынасы ретінде қарастырылды. Ұлттық бірегейлікті примордиализм, конструктивизм және инструментализм сабақтастығында түсіндіретін үштағанды модель ұсынылып, ол метахореографиялық әдіспен байланыстырылды.

Екінші тарауда ұсынылған модель мен әдіс дәстүрлі билердің нақты материалы арқылы тексерілді. «Айгөлек» пен «Балбырауын» музыкалық,

әлеуметтік және қимылдық компоненттердің бірлігін сақтайтын мәдени-пластикалық мәтін ретінде талданды. «Қара жорға» мен «Буын бидегі» иық, буын және аяқ қозғалыстарының сабақтастығы көшпелі өмір салтымен және күй ырғағымен байланыста қарастырылды. Өзге халықтардың билеріндегі кейбір ұқсас қозғалыстар тікелей тиесілілiктің дәлелі ретінде емес, Ұлы Жібек жолы кеңістігіндегі тарихи-мәдени байланыстардың ықтимал көрінісі ретінде пайымдалды.

«Қамажай» биіне жүргізілген онтологиялық талдау оның қыз тәрбиесін, әдептілік пен ішкі жинақылықты бейнелейтін мәдени мұра екенін көрсетті. Зерттеу барысында «Қамажай» әнінің авторы Мұстафа Сегізсері екені анықталып, «қамдану» және «жайлану» ұғымдары бидің нәзік сипаты мен қыз баланың қоғамдық өмірге даярлығын түсіндіретін мағыналық негіз ретінде қарастырылды. Стиль, символизм, музыка, атрибут, поза және рәсімнен тұратын алты элементті схема бидің тарихи-мәдени мазмұны мен ұлттық дүниетаныммен байланысын кешенді талдауға мүмкіндік берді.

Қазақ биінде қимылмен сабақтаса қолданылатын «одағай сөздер» ырғақтық-дыбыстық үндеу ретінде бидің эмоциялық-экспрессивтік әсерін күшейтетіні анықталды. Олар би мінезін, орындаушының көңіл күйі мен ұлттық нақышты жеткізумен қатар, орындаушы мен көрермен арасында тікелей эмоциялық байланыс орнататын көркемдік-коммуникативтік құрал қызметін атқарады. Бұл нәтиже қазақ биіндегі дене қозғалысы, дауыс, ырғақ және көрерменнің қабылдауы өзара сабақтасып, біртұтас мағыналық жүйе қалыптастыратынын көрсетеді.

Үшінші тарауда қазақ хореографиясының метамодерн кезеңіндегі өзгерістері зерделенді. Т. Вермюлен мен Р. ван дер Аккер сипаттаған осцилляция қағидасына сүйене отырып, дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы өткен мен бүгін арасындағы үздіксіз көркемдік тербеліс ретінде түсіндірілді. Дәстүрлі қимылдық код сақталғанымен, оны жеткізу тәсілдері музыка, жарық, бейнепроекция, цифрлық технологиялар және көңіл білдіру ишараттары арқылы жаңаратыны анықталды. Мұрағаттық және заманауи бейнематериалдарды салыстыру қазақ неохореографиясының ұлттық мәдени негізді сақтай отырып, жаңа сахналық формаларды игеретін дербес бағыт ретінде қалыптасқанын көрсетті. TikTok материалдарын талдау цифрлық кеңістіктің бидің таралу аясын кеңейтіп қана қоймай, оның мағынасын көрерменнің қолдауы, сыни бағасы және түсіндіруі арқылы қайта қалыптастыратынын байқатты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

- метатілдің дескриптивті, аналитикалық, нормативті және рефлексивті қызметтеріне негізделген метахореография дәстүрлі биді мағыналық, семиотикалық және мәдени құрылым ретінде зерттеудің кешенді әдісі ретінде ұсынылды;
- примордиализм, конструктивизм және инструментализм бағыттарын сабақтастыратын, қазақ биіндегі ұлттық бірегейлікті тұрақты этномәдени өзек, тарихи қалыптасатын көркем құрылым және қазіргі мәдени

қатынаста қызмет ететін жүйе ретінде түсіндіретін үштағанды модель жасалды;
– «Айгөлек» пен «Балбырауын» мәдени-пластикалық мәтін ретінде сипатталып, «Қара жорға» мен «Буын бидің» тарихи-мәдени және қимылдық сабақтастығы антропологиялық тұрғыдан айқындалды;
– «Қамажай» биінің болмыстық құрылымын ашатын алты элементті онтологиялық талдау схемасы құрастырылды;
– қимылмен сабақтас ырғақтық дыбыстық үндеулердің эмоциялық, көркемдік-символдық және орындаушы мен көрерменді байланыстыратын коммуникативтік қызметі негізделді;
– қазақ неохореографиясындағы дәстүрлі кодтың сақталуы мен оның сахналық берілу тәсілдерінің жаңару үдерісі метамодерндік осцилляция тұрғысынан тұжырымдалды.

Зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық маңызы

Зерттеудің ғылыми-теориялық маңызы ұлттық бірегейлікті би материалы негізінде зерделеуге арналған үштағанды модель мен метахореографиялық әдістің негізделуімен айқындалады. Олар би қимылдарындағы ұлттық кодты, мәдени жадыны, этносимволикалық мазмұнды және көркемдік трансформацияны өнертану, мәдениеттану, философия және хореология тоғысында кешенді талдаудың аясын кеңейтеді. Ұсынылған әдіснамалық шешімдерді қазақ биімен қатар басқа халықтардың дәстүрлі би мұрасын салыстырмалы зерттеуде қолдануға болады.

Практикалық маңызы алты элементті талдау схемасын дәстүрлі билерді жүйелі жіктеуде, ал зерттеу нәтижелерін хореографиялық білім беру бағдарламаларында, «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәнінде, жаңа сахналық қойылымдар әзірлеуде және ұлттық мұраны сақтау жобаларында пайдалану мүмкіндігімен сипатталады. Нәтижелер хореографтар мен режиссерлерге дәстүрлі лексиканы бастапқы мәдени мағынасын ескере отырып жаңаша интерпретациялауға бағдар береді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

1. Метахореография метатілдің дескриптивті, аналитикалық, нормативті және рефлексивті қызметтеріне негізделіп, дәстүрлі биді тұтас мағыналық, семиотикалық және мәдени құрылым ретінде зерттеуге мүмкіндік беретін кешенді әдіс болып табылады.
2. Қазақ биіндегі ұлттық бірегейлікті зерттеудің үштағанды моделі примордиализм, конструктивизм және инструментализм сабақтастығына негізделіп, бірегейліктің тұрақты этномәдени өзегін, тарихи-мәдени қалыптасуын және қазіргі қоғамдық-көркемдік қызметін өзара байланыста ашады.
3. «Айгөлек» пен «Балбырауын» музыкалық және әлеуметтік контекстен ажырамайтын мәдени-пластикалық мәтін ретінде, ал «Қара жорға» мен «Буын би» көшпелі өмір салты, күй ырғағы және тарихи мәдени байланыстармен сабақтас ұлттық қимылдық үлгі ретінде сипатталады.

4. «Қамажай» биінің онтологиялық талдауы оның мәдени мұралық сипатын айқындап, стиль, символизм, музыка, атрибут, поза және рәсімнен тұратын алты элементті схема басқа дәстүрлі билерді зерттеудің құралы ретінде ұсынылады.
5. Қазақ биіндегі негізгі одағай сөздер – қимылдың эмоциялық-экспрессивтік қабатын толықтыратын, ұлттық нақышты танытатын және орындаушы мен көрермен арасында байланыс орнататын көркемдік-коммуникативтік құрал болып табылады.
6. Қазақ неохореографиясында дәстүрлі ұлттық код сақталып, оның көркемдік берілу тәсілдері заманауи сахналық және цифрлық технологиялар ықпалымен өзгереді; бұл үдеріс өткен мен бүгін арасындағы метамодерндік осцилляцияны танытады.

Зерттеудің апробациясы және жарияланымдары

Зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, дөңгелек үстелдерде және ғылыми іс-шараларда талқыланды. Зерттеу тақырыбы бойынша Central Asian Journal of Art Studies журналында 2024 жылы «Художественные аспекты метамодерна в современной казахской хореографии», 2025 жылы «Онтолого-ориентированный подход к традиционному танцу: на примере казахского танца» мақалалары жарық көрді. Сонымен қатар B. Kuketov, A. Shankibayeva, A. Kussanova және M. Assanova авторлығымен «Dance, ontology, and national identity in the metamodern cultural paradigm» мақаласы Cogent Arts & Humanities журналында жарияланды (2026, Vol. 13, Issue 1, Article 2722608; DOI: 10.1080/23311983.2026.2722608). 2023–2025 жылдары дәстүрлі қазақ биі, ырғақтық дыбыстық үндеулер және онтологиялық тәсіл мәселелері бойынша ғылыми баяндамалар мен конференциялық материалдар ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, 220 атаудан тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан құралған. Жұмыстың жалпы көлемі – 133 бет.

Қорытынды

Зерттеу қазақ хореографиясындағы ұлттық бірегейліктің өзгермейтін сыртқы белгілер жиынтығы емес, тарихи жады, мәдени мағына және қазіргі көркемдік тәжірибе өзара сабақтасатын динамикалық жүйе екенін көрсетті. Дәстүрлі пластикалық тіл заманауи сахналық формада түрленгенімен, оның мағыналық өзегі ұлттық дүниетаныммен, әлеуметтік тәжірибемен және мәдени жадпен байланысын сақтайды. Метахореографиялық әдіс пен үштағанды модель осы сабақтастықты сипаттауға, талдауға және бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазақ биін ұлттық мәдени мұраны сақтайтын ғана емес, қазіргі көркемдік және цифрлық кеңістікте жаңарып, жаңа мазмұнмен толығатын тірі мәдени жүйе ретінде пайымдауға негіз болады.